

## Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 10 сәуір N 526. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.27. N 484 қаулысымен

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828

U962828\_

Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 10 сәуірдегі

N 526 қаулысымен

бекітілген

Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру туралы

ЕРЕЖЕ

### I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заң күші бар Жарлығына (бұдан әрі - "Жер қойнауы туралы" Жарлық) сәйкес

жасалды және жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге берудің жалпы шарттары мен тәртібін регламенттейді.

2. Осы Ережеде қолданылатын анықтамалар мен терминдердің "Жер қойнауы туралы" Жарлықта оларға берілгендегідей мәні бар.

3. Осы Ереженің мақсаты үшін мыналарды білдіретін мынадай анықтамалар мен терминдер қолданылады:

кепіл беруші - Қазақстан Республикасында өздеріне тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беретін жеке немесе заңды тұлға, мемлекет және/немесе халықаралық ұйым;

кепіл ұстаушы - жер қойнауын пайдалану құқығымен қамтамасыз етілген несие беруші жеке немесе заңды тұлға;

жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру - борышкер жер қойнауын пайдалану құқығы кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда оған байланысты несие берушінің (кепіл ұстаушының) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген алуға, кепіл берушінің басқа да несие берушілердің алдында басымдықпен жер қойнауын пайдаланудың кепілге берілген құнынан қанағаттану алуға құқы болатын кепіл берушінің міндеттемелерін қамтамасыз етудің тәсілі:

кепіл шарты - кепіл беруші мен кепіл ұстаушының арасындағы жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру туралы келісім;

сенім білдірілген тұлға - кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелер бұзылған жағдайда жер қойнауын пайдаланудың кепілге берілген құқығын жүзеге асыруға кепіл ұстаушыдан сенімхаты бар жеке немесе заңды тұлға;

Уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі жер қойнауын пайдалану және қорғау жөнінде уәкілеттік берген орган.

4. Жер қойнауын пайдалану құқығы кепілдің мәні болып табылады.

5. Жер қойнауын пайдаланушының кепілге берілген құқығы кепілмен қамтамасыз етілген жер қойнауын пайдалану құқығының міндеттемесін орындаудың бүкіл кезеңінде, одан әрі кепіл берушінің кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерін орындағаннан кейін кепіл берушінің иелігінде және пайдалануында қалады.

6. Жер қойнауын пайдалану құқығы кепілмен алынған несиені кепіл беруші лицензияда көзделген жер қойнауын пайдалану мақсаттарына ғана пайдалануы тиіс.

## II. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ КЕПІЛМЕН РЕСІМДЕУ

7. Жер қойнауын пайдалану құқығы кепілін ресімдеу үшін кепіл беруші әлеуметті мүмкін болатын кепіл ұстаушыға:

Лицензиялық органның жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге арналған рұқсатты ;

кепіл берушінің жер қойнауын пайдалануға құқығын куәландыратын құжаттарды :

немесе барлауға арналған лицензия мен келісім-шартты;

немесе өндіруге арналған лицензия мен келісім-шартты;

немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және оларды пайдалануға арналған лицензия мен келісім-шартты;

немесе барлауға және өндіруге арналған бірлескен лицензия мен келісім-шартты ;

келісім-шарттық аумақтардың шегінде кепіл берушінің жерге құқығын куәландыратын құжаттарды ;

Уәкілетті орган беретін, жер қойнауын пайдалану кепілі ретінде салынған жер қойнауын пайдалану құқығының бағалық құнының актісін ұсынады.

8. Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру кепіл ұстаушы мен кепіл берушінің арасында жасалған кепіл шартының негізінде жүргізіледі.

9. Кепіл шарты Уәкілетті органда міндетті тіркелуге жатады. Кепіл құқығы - кепіл шарты жер қойнауын пайдалану құқығы кепілінің тіркелгендігі туралы куәлік беру арқылы Уәкілетті органда тіркелген сәттен бастап пайда болады (қосымша) .

10. Кепіл шартының негізгі талаптары (кепілдің сомасы, шарттың тараптары, кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттемелерді орындау мерзімдері) өзгерген кезде көрсетілген кепіл шартын қайта тіркеуді тіркеуге сәйкес тәртіпте, жер қойнауын пайдалану құқығы кепілін тіркеу туралы жаңа куәлік беру арқылы Уәкілетті орган жүргізеді.

11. Жер қойнауын пайдалану құқығы кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындаған кепіл беруші кепіл шарттарын тіркеу тізіліміндегі кепіл туралы жазбаны жоюды талап етуге құқылы. Кепіл берушінің талап етуі бойынша кепіл ұстаушы Уәкілетті органға жазбаны жою үшін қажетті құжаттар мен жазбаша өтінішті беруге міндетті. Кепіл ұстаушы бұл міндеттерді орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда кепіл беруші оған келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

12. Егер оған оның алдындағы кепіл шартында тыйым салынбаса, жер қойнауын пайдалану құқығын қайтадан кепілге беруге жол беріледі.

### III. КЕПІЛ МӘНІНЕ ӨНДІРІП АЛУ ЖҮРГІЗУ

13. Кепіл беруші жер қойнауын пайдалану құқығы кепілімен қамтамасыз етілген өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда кепіл ұстаушы өзінің

т а л а п т а р ы н :

жер қойнауын пайдалану құқығын сот тәртібімен жүзеге асыру;  
жер қойнауын пайдалану құқығын соттан тыс тәртіпте жүзеге асыру  
жолымен қанағаттандыруға құқылы.

14. Жер қойнауын пайдалану құқығын сот тәртібімен жүзеге асыру кепіл ұстаушының талап-арызы бойынша соттың шешіміне сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте кепілдің мәні болып табылатын жер қойнауын пайдалану құқығын сату іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен көпшілік саудада сату жолымен жүргізіледі.

15. Заң актілерінде немесе кепіл шартында көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығын соттан тыс тәртіпте жүзеге асыруды сауда өткізу жолымен сенім білдірілген тұлға жүргізеді.

16. Сенім білдірілген тұлға мынадай тәртіпте саудаластық ұйымдастырады: кепіл берушіге бұл хабарламаны Уәкілетті органда алдын ала тіркеуден өткізу арқылы міндеттемелердің орындалмағандығы туралы хабарлама жолдайды;

хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда, бірақ оны кепіл берушіге жіберген сәттен бастап 2 айдан ерте емес, кепілге қойылған жер қойнауын пайдалану құқығына саудаластық өткізу туралы құлақтандыру жасайды, оны Уәкілетті органға жолдайды және кепіл берушіге тапсырады; саудаластық туралы хабарландыруды жергілікті баспасөзде ресми жариялайды.

17. Саудаластықтардың шарты жер қойнауын пайдалану құқығының бастапқы бағасын және лицензия мен келісім-шартта көзделген жер қойнауын пайдалану шарттарын көздеуі тиіс.

18. Саудаластыққа қатысу ниеті хабарландыруда көрсетілген күннен кешіктірілмей, сенім білдірілген тұлғаның атына жолданған өтініммен расталуы тиіс.

19. Өтінім:

өтінім беруші туралы сауалнамалық деректерді: өтінім берушінің атауы (аты), оның мекен-жайы, мемлекеттік тиесілілігі (заңды тұлғалардың), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін);

өтінім берушінің қаржылық, заңдылықтық, басқарушылық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктері туралы деректерді қамтуы тиіс.

Өтінімдер өтінім беруші сенім білдірілген тұлға белгілеген саудаластыққа қатысуға арналған жарнаны төлегеннен кейін қарауға қабылданады.

20. Өтінім берушіні саудаластыққа қатыстыруға жіберу туралы мәселені өтінімді зерделеудің негізінде сенім білдірілген тұлға шешеді. Саудаластыққа қатысуға өтінімнің қабылданғандығы туралы өтінім беруші ресми

қ ұ л а қ т а н д ы р ы л а д ы .

21. Мынадай жағдайларда:

өтінім саудаластық шарттарымен белгіленген мерзімнен кеш берілсе;  
өтінім беруші құжаттамамен расталған сауалнамалық деректерді ұсынбаса  
саудаластыққа қатыстыру құқығынан бас тарту орын алуы мүмкін.

22. Кепілге берілген жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыру  
жөніндегі саудаластыққа заңды және жеке тұлғалардың, оның ішінде шетелдік,  
сондай-ақ "Жер қойнауы туралы" Жарлыққа сәйкес жер қойнауын пайдаланушы  
бола алатын шетел мемлекеттерінің, халықаралық ұйымдардың құқы бар.

23. Кепіл ұстаушы өткізілген саудаластықтың нәтижесін жазбаша

нысанда Уәкілетті органға хабарлауға және оған өтінім берушінің  
барлық құжаттарын беруге міндетті.

24. Саудаластықтың жеңімпазы саудаластық өткеннен кейінгі 1  
(бір) айдың ішінде Уәкілетті органға лицензияларды қайта ресімдеу  
үшін қажетті материалдарды ұсынуға міндетті. Уәкілетті орган  
материалдарды қарағаннан кейін Лицензиялық органға саудаластық  
жеңімпазына лицензиялар беру туралы келіссөз жүргізу туралы ұсыныс  
енгізеді.

## КЕПІЛДІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

25. Кепіл мынадай жағдайларда:

кепіл берушінің жер қойнауын пайдалану құқығы кепілімен  
қамтамасыз етілген міндеттемелерін орындауының салдарынан;

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа да  
жағдаяттар кезінде тоқтатылады.

Қосымша

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ КЕПІЛІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ К У Ә Л І К

"\_\_" \_\_\_\_\_

N \_\_\_\_\_

Қала (поселке, село) \_\_\_\_\_

1. Кепілге беруші (заттай тапсырушы) \_\_\_\_\_

(аты-жөні немесе заңды

тұлғаның толық атауы, мекен-жайы)

2. Борышкер \_\_\_\_\_  
(аты-жөні немесе заңды тұлғаның толық атауы,

\_\_\_\_\_ мекен-жайы)

3. Кепіл ұстаушы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні немесе заңды тұлғаның толық атауы,

\_\_\_\_\_ мекен-жайы)

4. Жер қойнауын пайдалану құқығы кепілінің шарты N \_\_\_\_\_  
" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19\_\_ ж.

5. Жер қойнауын пайдалану құқығының сипаттамасы \_\_\_\_\_

6. N \_\_\_\_\_ лицензия

7. N \_\_\_\_\_ келісім-шарт

8. Негізгі міндеттемелер мен проценттердің сомасы \_\_\_\_\_

9. Жер қойнауын пайдалану құқығы кепілінің мәніне басқа да  
куәліктерге белгілер мен деректемелер \_\_\_\_\_

10. Кепілді тіркеу туралы куәліктің берілген күні \_\_\_\_\_  
" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19\_\_ ж.

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, лауазымы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

АЛМАТЫ 199\_\_ ж.